



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 27 қыркүйек

Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығын T+2 есеп айырысу жүйесіне аудару туралы

Ұлттық Банк ҚР Қаржы министрлігімен және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-пен бірлесіп бастапқы және қайталама нарықтарда мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша есеп айырысу жүйесін T+0-ден T+2-ге өзгертуге бағытталған іс-шараларды жалғастыруда.

Бағалы қағаздармен операциялар бойынша T+2 есеп айырысу циклы ішкі қор нарығын дамытудың кезекті қадамы болып табылады және халықаралық практикаға сәйкес келеді. Бұл бастама кірістілік қисығын қалыптастыруға оң ықпал етеді.

Валюта T+1 жүйесін енгізумен қатар бағалы қағаздар нарығында T+2 есеп айырысу жүйесіне өту өтімділікті болжау жүйесін жетілдіруге ықпал етеді, шетелдік капитал ағынының, оның ішінде Clearstream-мен іске қосылған халықаралық арнасы шеңберінде ұлғаюына алғышарттар жасайды.

Алғашқы қадам ретінде 2018 жылғы 15 қазаннан бастап Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын орналастыру бойынша аукциондар T+2 жүйесі бойынша есеп айырысулармен жүргізіледі. Қысқа мерзімді ноттарды орналастыру процесі өзгеріссіз қалып отыр. Аукционға қатысушылар аукцион нәтижелері бойынша бұйрықтарды есеп айырысудың кейінге қалдырылған күнімен жібере алады.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz